



ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕҢБЕК ЕРІ,
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ХАЛЫҚ ЖАЗУШЫСЫ,
МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ,
АҚЫН, «НЕВАДА-СЕМЕЙ» ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ
КӨШБАСШЫСЫ

ОЛЖАС ОМАРҰЛЫ СҮЛЕЙМЕНОВТИҢ

МЕРЕЙЛІ 90 ЖАСҚА ЖӘНЕ СЕМЕЙ
ЯДРОЛЫҚ ПОЛИГОНЫНЫҢ
ЖАБЫЛҒАНЫНА 35 ЖЫЛ ТОЛУЫНА ОРАЙ

«ЯДРОЛЫҚ ҚАРУСЫЗДАНДЫРУ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ӘЛЕМ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

АТЫРАУ, 2026 Ж

**ЯДРОЛЫҚ ҚАРУСЫЗДАНДЫРУ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ӘЛЕМ»
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ
БАҒДАРЛАМАСЫ**

Өтетін уақыты мен орны: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Бас оқу ғимараты, 2-қабат, Халел залы.
Сағат. 11.00-12.00. 18 мамыр, 2026 жыл.

ZOOM идентификатор:

Пароль:

Регламент: 5-7 мин.

Модератор: Идрисов Саламат Нұрмұханұлы - Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Басқарма төрағасы - ректор

№	Уақыт	Тақырып	Спикерлер
1.	11.00-11.05	Кіріспе сөз	Идрисов Саламат Нұрмұханұлы <i>Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Басқарма төрағасы – ректор</i>
2.	11.05-11.10	Құттықтау сөз	Өтешов Мұрат Сақтайұлы <i>Атырау облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы</i>
Баяндамалар			
3.	11.10-11.15	<i>Семей полигонынан жаһандық антиядролық дипломатияға дейін: Қазақстанның ядролық қаруды таратпау режимін нығайтудағы рөлі</i>	Көшербаев Жан Дүйсенбекұлы <i>әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті, тарих ғылымдарының кандидаты (Алматы қаласы) (онлайн)</i>
4.	11.15-11.20	<i>О. Сулейменов - мыслитель нового человечества: борец, поэт, преобразователь</i>	Жаңабай Қайрат <i>әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің философия ғылымдарының кандидаты (Алматы қаласы) (онлайн)</i>

5.	11.20-11.25	Тайсойған сынақ полигоны	Абдолов Амангелді Аمانиязұлы ҚР Президент жанындағы Адам құқын қорғау орталығының Атырау өкілдігінің өкілі
6.	11.25-11.30	Невада-Семей қозғалысы — ядролық жарылысқа қарсы халықаралық қозғалыс	Бектенов Мұрат Бектенұлы Қазақстан жазушылары және журналистері одағының мүшесі. Исатай ауданының құрметті азаматы, Семей ядролық сынақ полигонының ардагері
7.	11.30-11.35	Ядролық мұра: Семей және Азғыр ядролық сынақ полигондарының өткені, бүгіні және экологиялық зардаптары	Джексенов Махамбет Кудайбергенович география ғылымдарының кандидаты, профессор-эколог
8.	11.35-11.40	Азғыр сынақ полигоны туралы ой	Сейтханов Бақтыгерей Сүйіндік селолық округі ардагерлер кеңесінің төрағасы
9.	11.40-11.45	Олжас Сүлейменов-зиялы тұлға және Семей полигоны: тарих, зардап және болашақ	Сапанов Сайпулла Жұмабайұлы Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің профессоры тарих ғылымдарының докторы
10.	11.45-11.50	Атырау облысы Семей ардагерлері қоғамдық бірлестігінің жұмысы туралы	Қаршыға Білім Төлеуғалиұлы Атырау облысы Семей ядролық сынақ полигонының ардагерлері қоғамдық бірлестік төрағасы
Пікір алмасу			
11.	11.50-12.00	Қорытындылау	Идрисов Саламат Нұрмұханұлы Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Басқарма төрағасы - ректор
12.	Қатысушылардың естелік фотоға түсуі		

Өмірбаян



Олжас Сүлейменов - қазақтың көрнекті ақыны, жазушысы, әдебиеттанушысы, қоғам және мемлекет қайраткері. Ол 1936 жылғы 18 мамырда Алматы қаласында дүниеге келген. Қазақ әдебиетінде ғана емес, халықаралық қоғамдық-саяси кеңістікте де ерекше орны бар тұлғалардың бірі саналады.

Олжас Омарұлы 1954 жылы мектепті аяқтап, Қазақ мемлекеттік университетінің геология факультетіне оқуға түседі. Біраз уақыт геолог мамандығы бойынша еңбек еткеннен кейін, шығармашылыққа бет бұрып, Мәскеудегі М.Горький атындағы Әдебиет институтында білім алады. Оның поэзияға келуі XX ғасырдың 60-жылдарындағы қазақ әдебиетінің жаңа тыныс алу кезеңімен тұспа-тұс келді.

Ақынның алғашқы шығармаларының бірі - «Арғымақтар» жинағы. Алайда оны кеңінен танытқан туындысы - 1961 жылы адамзаттың ғарышқа алғаш ұшуына арналған «Адамға табын, Жер, енді!» («Земля, поклонись человеку!») поэмасы болды. Бұл шығарма Юрий Гагариннің ғарышқа сапарына арналып жазылып, үлкен танымалдыққа ие болды. Олжас Сүлейменов шығармаларында түркі тарихы, өркениет, тіл, мәдениет, адамзат тағдыры мен бейбітшілік идеялары кең көрініс тапты.

Жазушының ең даулы әрі маңызды еңбектерінің бірі - «Аз и Я» кітабы. Бұл еңбекте автор көне түркі өркениеті мен славян мәдениетінің байланысын зерттеп, тарихи-лингвистикалық талдау жасады. Кітап сол кезеңде үлкен пікірталас тудырып, кеңестік идеология тарапынан сынға ұшырады.

1989 жылы Олжас Сүлейменов бастамасымен антиядролық Невада - Семей қозғалысы құрылды. Бұл қозғалыс Семей ядролық сынақ полигонын жабу жолындағы тарихи күрестің басты күшіне айналды. Нәтижесінде 1991 жылы Семей полигоны ресми түрде жабылды. Олжас Сүлейменовтің бұл бағыттағы қызметі халықаралық деңгейде жоғары бағаланды.

Қоғам қайраткері ретінде ол Қазақстан Жазушылар одағында, КСРО Жоғарғы Кеңесінде, дипломатиялық қызметтерде еңбек етті. Қазақстанның Италиядағы елшісі қызметін атқарды, сондай-ақ ЮНЕСКО аясындағы мәдени жобаларға белсенді қатысты.

Олжас Сүлейменов - Қазақстанның Еңбек Ері, Қазақстанның халық жазушысы атақтарының иегері. Оның шығармашылығы мен қоғамдық қызметі қазақ руханиятының, ұлттық сананың және ядролық қарусыздану идеясының дамуына зор үлес қосты.

